

Қаратал ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 5 қантардағы № 05 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылды 19 қантарда № 4507 болып тіркелді

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қаратал ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Қаратал ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. "Қаратал ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялауға Қаратал ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарға жолдауын;

4) осы қаулыны Қаратал ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Жанибек Шогалович Тасыбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаратал ауданының әкімі

P. Ракымбеков

катысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен
тәртібін және оларға ақшалай сыйақының
мөлшерін айқындау туралы" № 05 қаулысына
қосымша

Қаратал ауданындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледеу мәселелерін қамтамасыз етуге қатысатын, Қаратал ауданының Ішкі істер басқармасының ұсынысы бойынша, Қаратал ауданының Әкімдігімен құрылған комиссия қарайды.

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермеледеу үшін негіз болып табылады.

4. Көтермеледеу түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, әдетте 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын, Комиссия белгілейді.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу Комиссия қабылдаған шешімге сәйкес, қосымша Ішкі істер басқармасы бастығының бұйрығы шығарылады.